



ЕЛ ТІЛЕГІ

gazeta_eltilegi@mail.ru

№12 (972) Сәрсенбі 1 сәуір 2026 жыл

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТӘУЕЛСІЗ АҚПАРАТТЫҚ, ТАНЫМДЫҚ, ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТИ

<http://www.qsip.kz/>

<http://www.instagram.com/eltilegigazeti>

<http://www.facebook.com/eltilegigazeti>

Ұлттық статистика бюросы 2026 жылғы 1 наурыздағы жағдай бойынша Қазақстан халқының санын атады. Статистикалық мәліметке сәйкес, 2026 жылғы 1 наурыздағы жағдай бойынша Қазақстан халқының саны 20 532 240 адам болды. 2026 жылдың басынан бері қазақстандықтар саны 32 418 адамға өсті.

ИННОВАЦИЯЛАРДЫ ДАМУ МӘСЕЛЕСІ ҚАРАЛДЫ

ҚР Премьер-министрі Олжас Бектеновтің төрағалығымен Үкімет отырысы өтті. Күн тәртібінде инновацияларды даму мәселесі қаралды. Оған облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев селекторлық режим арқылы қатысты. Үкімет отырысынан кейін инновацияларды даму, ғылыми зерттеулердің нәтижелерін экономиканың барлық саласына енгізу бағытындағы жұмыстар жан-жақты талқыланып, жауапты сала басшыларына бірқатар тапсырма жүктелді.



«Ғылыми зерттеулер нәтижелерін өндіріске енгізуге ірі кәсіпорындарды тарту керек. Агроөнеркәсіп пен құрылыс индустриясында кластерлер құру, өндірісті цифрландыру процесін жандандыру үшін жаңа технологияларды енгізу маңызды.

Өткен жылдан бері өңірлік ғылымды дамытып, өндіріспен байланыстыруда жергілікті атқарушы органдарға жаңа міндеттер жүктелді. Арнайы ғылыми кеңес құрылды. Құрамына тиісті салалық басқармалар, өңірлік жоғары оқу орындары мен ғылыми-зерттеу институттары енгізілді.

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, «Болашақ», Ашық университеттері, Ы.Жақаев атындағы қазақ күріш шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты, өндірісте қолдануға, нарыққа шығаруға жарамды ғылыми жобалар әзірлеп, өңірлік ғылыми кеңестің қарауына ұсыныңыздар.

Жергілікті ғалымдарымызды республикалық, халықаралық қорлар арқылы қаржыландырылатын ғылыми жоба байқауларына қатыстыру, ынталандыру шараларын қабылдау қажет. Инвесторлармен ынтымақтастық орнатып, өңірімізде технологиялық парктар, ғылыми орталықтар

құру керек», – деді Нұрлыбек Машбекұлы. Айтпа кетейік, аймақтың өңдеу өнеркәсібіндегі 12 ірі кәсіпорын өндірісте цифрландыру жүйелерін қолданады. Атап айтқанда, «Қазгермұнай» серіктестігінде «Интеллектуалды кен орны» жобасы іске асырылуда. Сонымен қатар, уран өндіретін 3 компанияда өндірістік процесс толық цифрландырылған. Жаңа жылу электр орталығында АҚШ, Италия, Чехия және Түркияның заманауи автоматтандырылған технологиялары пайдаланылды. Ал «Шалқия» кен орнында пайдалы қазбаларды автоматты түрде ажырататын жасанды интеллект технологиясы енгізілген. Алдағы кезеңде қатты тұрмыстық

қалдықтарды сұрыптау зауытында роботтандырылған жүйелерді енгізу, сондай-ақ бірқатар кәсіпорынның бизнес-процесіне жасанды интеллект элементтерін пайдалану жоспарланған.

Арал шөгінді бассейнінде 2D модельдеу бойынша зерттеу жұмыстары аяқталды. Сонымен қатар, «Саутс Ойл» компаниясы «Құмкөл» кен орнындағы қара тақтатаас мұнайын өндіруде инновациялық технологияларды қолданады.

Өңірде ғылыми-зерттеу жұмыстарымен 9 ұйым айналысады. Соңғы үш жылда гранттық және бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру аясында жалпы сомасы 2 млрд 300 млн теңгенің 23 ғылыми жобасы жүзеге асырылып келеді.



«ЕЛ ТІЛЕГІ» ГАЗЕТИ

еліміздің барлық өңірлеріне тарайды. Бүгінде өзінің оқырмандары асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымдарға 2026 жылдың II жартыжылдығына жазылу науқаны жүріп жатыр.

«Ел тілегі» газетіне жеке жазылушылар үшін индекс 65007

6 айға – 4502 теңге 22 тиын

БАСЫЛЫМДЫ АСЫҒА КҮТЕТІН ОҚЫРМАНДАРЫМЫЗБЕН ӘРДАЙЫМ БІРГЕМІЗ!

- Мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз, бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе, әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз «Ел тілегі» газетіне жарнама беріңіз!
- Сонымен бірге құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса, құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, Бізге хабарласыңыз!

Қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:
8 705 982 76 61,
8 777 752 54 63.



ҚҰРЫЛЫС САПАСЫ ДЕПУТАТТАР НАЗАРЫНДА

Парламент Сенаты мен Мәжілісінің депутаттары Руслан Рүстемов, Мұрат Ерғешбаев, Мархабат Жайымбетов, облыс әкімінің орынбасары Бахыт Жаханов, қала әкімі Нұржан Ахатов Қызылордадағы құрылыс нысандарын аралады.


Алдымен сол жағалаудағы 300 төсектік көпбейінді аурухана және тұрғын үйлердің құрылыс барысымен танысты. Бір ауысымда 100 келушіні қабылдайтын емхана және 100 төсекке арналған онкологиялық бөлімшесі қарастырылған нысан 10 блоктан тұрады. Онда емхана, қабылдау, операциялық, реанимация, химиотерапия, радиология бөлімдері, әкімшілік, тамақтандыру және конференц залдары орналасады. 54,3 млрд теңгенің жобасын «Мелиоратор» серіктестігі жүзеге асыруда. Қазіргі таңда монолит жұмыстары аяқталып, кірпішін қалау, инженерлік жүйелерді жүргізу жалғасуда. Құрылыс алаңында 300-ге жуық жұмысшы және 18 техника жұмылдырылған.

Сол жағалаудағы әрқайсысы 60 пәтерлік 10 тұрғын үйдің құрылысы да қарқынды. Жобаға 11,3 млрд теңге бөлінген, 5 қабатты 7 үй және 9 қабатты 3 үй салынуда. Әрі қарай Президент паркіндегі 9 қабатты 15 тұрғын үй, Ботаникалық бақ және балалар лагері, Rixos бес жұлдызды

қонақүйінің құрылыс алаңына барды. Бүгінде 9 қабатты 15 тұрғын үйді «Мелиоратор» серіктестігі 8,2 гектар аумаққа салуда. Құрылыс біткенде 945 пәтер пайдалануға беріледі. Оның 135-і бір бөлмелі, 540-ы екі бөлмелі және 270-і үш бөлмелі пәтер.

Ботаникалық білім беру орталығының құрылысын «Alem Qurlyus AQ» серіктестігі қолға алған. Орталық экологиялық білім беруге әрі демалысқа арналған. 300 орындық балалар лагерінің жобасы бойынша әкімшілік ғимарат, event-аймақ, 4 тұрғын корпус, қонақүй үлгісіндегі шағын ғимарат, 5 күз үйі, ашық бассейн, стадион, сахна, өзге де демалыс және техникалық нысандар салу көзделген.

«Қызылорда Арена» спорт кешенінің құрылысы жалғасуда. Жобаның құны 20 млрд теңгеден асады. Кешенде олимпиадалық бассейн, спорт алаңдары және 150 орындық конференц-зал болады. Қазір мұнда 214 адам жұмыс істейді, инженерлік желілердің 90%-ы дайын.



БАЛАЛАР КІТАБЫ – РУХАНИ ҚАЗЫНА

Облыстық кітапханада Халықаралық балалар кітабы күніне арналған апталықтың ашылуы өтті. Іс-шараның мақсаты - жас оқырмандардың кітапқа деген қызығушылығын арттыру, балалар әдебиетін насихаттау және рухани құндылықтарды дәріптеу, сондай-ақ кітапхана мен оқырман арасындағы байланысты нығайту.

Апталықтың ашылу рәсіміне кітапхана оқырмандары, ата-аналар, «Шуақ Орда», «Жұлдыз бөбекжай», «Баяқтты әлем», «Жарығмай» балабақшаларының бүлдіршіндері мен тәрбиешілері және Ж.Нұрсейітов атындағы №233 орта мектебінің, №280 орта мектебінің оқушылары, №5 арнайы мектеп-интернатының тәрбиеленушілері қатысты.

Салтанатты жиында қатысушыларға арналған бағдарламалар ұсынылды: «Қазақ әдебиеті – ұлттық рухтың негізі» кітап көрмесі, «Ағайынды Гриммдердің ертегілер елі» атты ертегі кейіпкерлері шеруі, «Әдебиет әлеміне саяхат» атты викториналық ойындар. Шеру барысында бүлдіршіндер Ағайынды Гриммдер шығармаларындағы танымал кейіпкерлердің бейнесіне сомдап, қызыл кілем үстімен сән-салтанатпен жүріп өтті. Кішкентай оқырмандар «Етік киген мысық», «Қасқыр мен жеті лақ», «Ақшақар мен жеті гном», «Тәтті ботқа» сынды ертегілердің кейіпкерлеріне айналып, көрермендерге көтеріңкі көңіл сыйлады. Сонымен қатар шараға қатысқан оқушылар әдеби сұрақтарға жауап беріп, шығармашылық қабілетін танытты.

Шара соңында қатысушылар мерекеге арналған кітап көрмесімен танысты. Төрт бөлімнен тұратын көрмеге балаларға арналған әр түрлі жанрдағы 140-қа жуық әдебиеттер қойылды. Онда қазақ балалар әдебиетінің алытыры және балалар әдебиетіндегі әлем халықтарының озық шығармаларының топтамалары ұсынылды.



ТҰРҒЫН ҮЙ ҚҰРЫЛЫСЫНА ҚАТЫСТЫ МӘСЕЛЕЛЕР ТАЛҚЫЛАНДЫ



Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен өткен мәжілісте халықтық тұрғын үймен қамтамасыз етудегі мәселелер жан-жақты талқыланды.

Жиында қала аумағындағы тұрғын үй құрылысының қарқыны, кезекте тұрған азаматтардың жағдайы, тұрғын үй инфрақұрылымын дамыту мәселелері қаралды. Аймақ басшысы тұрғын үйлерді белгілеген

мерзімде әрі сапалы етіп салуды, мердігер мекемелер жұмысын тұрақты бақылауды міндеттеді.

Сондай-ақ, үй кезегінде тұрған азаматтардың деректерін нақтылап, ашықтықты қамтамасыз ету, әлеуметтік жағынан осал топтарға басымдық беру қажеттігін атап өтті. Инженерлік-коммуникациялық желілерді уақытылы жүргізуді, жана тұрғын үйлерді пайдалануға беру мерзімін кешіктірмеуді қатаң тапсырды.

«Құрылыс жұмыстары жоспар бойынша жүруі керек. Барлық жоба белгіленген мерзімде аяқталып, қаражат максатты жұмсалыуы тиіс», – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Еске салайық, тұрғын үй кезегінде тұрған азаматтарға 8 мыңға жуық пәтер, кейінгі 3 жылда барлық ауданда алғаш рет жанадан 1800-ге жуық пәтер табысты. Өткен жылы 2 477 пәтерлік тұрғын үй салуға бюджеттен 36 млрд. теңге қаралса, биыл кезекте тұрған азаматтарға 2 400 пәтер табыстау үшін 55 млрд. 600 млн. теңге жоспарланған. Соңғы жылдары қаламызда заманауи жана дизайнмен жеті, тоғыз және он екі қабатты тұрғын үйлер бой көтеруде.



«QYZYLORDA CUP» облыстық турнирі басталды

Сол жағалаудағы «Теннис» орталығында үстел теннисінен ересектер, жасөспірімдер және кіші жасөспірімдер арасында «Qyzylorda Cup» облыстық турнирінің ашылу салтанаты өтті.

Аталған жарыстың басты мақсаты – өңірдегі жас теннисшілердің шеберлігін шыңдап, алдағы маңызды жарыстарға үздік спортшыларды іріктеу болып табылады. Тартысты додаға қала және барлық аудандардан жиналған 250-ге жуық спортшы үстел теннисінен екі күн бойы өзара сайысып, шынықтығын анықтамақ.

Ашылу рәсіміне басқарма басшысы Бахтияр Артаев, облыстық үстел теннисі федерациясының президенті Болат Бакуов және бас хатшысы Серікбек Әлжанов қатысып, жас спортшыларға сәттілік тіледі.

– Бүгінде облысымызда олимпиадалық спорт түрлері қарқынды дамып келеді. Соның ішінде үстел теннисінің маңызы айрықша екені белгілі. Қазіргі таңда аймағымызда

бұл спорт түрімен 18 мыңнан астам спортшы тұрақты түрде шұғылданып, халықаралық және республикалық жарыстарда жоғары нәтиже көрсетуде. Сонымен қатар, аймақ басшысының қолдауымен және «Samruk Kazyna» ұлттық әл-ауқат қорының демеушілігімен ашылған заманауи «Теннис» орталығы да талантты спортшыларды тәрбиелейтін бірегей орталыққа айналды. Бүгінгі облыстық турнирде де нағыз мықтылар топ жарып, жеңіс тұғырынан көрінсін!, – деді басқарма басшысы.

Шара барысында басқарма басшысы үстел теннисінен облыстың аға жаттықтырушы болып тағайындалған Ибрай Ернарға басқарманың ресми куәлігін табыстап, жаңа қызметіне сәттілік тіледі.

ҚОС КЕНТТЕ АТҚАРЫЛАР ІС КӨП

Қалалық мәслихаттың кезекті 51 сессиясы өтті. Сессияға қалалық мәслихат төрағасы И.Құттықожаев төрағалық етті. Сессияның күн тәртібінде «Тасбөгет және Белкөл кенттері әкімдерінің Қазақстан Республикасы Президентінің ауылдық аумақтарды дамытуының 2023-2027 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске асыру бағытында атқарған жұмыстары мен алдағы міндеттері жөніндегі есептері туралы» мәселелер тияндалды. Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша кент әкімдері баяндама жасап, депутаттар тарапынан қойылған сұрақтарға жауап берді.

Тасбөгет кенті бойынша бюджет және салық базасын кеңейту бағытында 2025 жылға арналған кент бюджеті 515,8 млн теңге көлемінде бекітіліп, 100 пайызға игеріле, салық түсімдерінің жылдық жоспары 157,0 млн теңгеден 184,1 млн теңгеге жетіп, 117 пайызға артығымен орындалған. Кәсіпкерлікті қолдау бағытында 2025 жылы мемлекеттік бағдарламалар аясында 64 тұрғын өз кәсіптерін дамытуға қаржылай қолдауға ие болған.

Қазіргі таңда кентте 95 көпқабатты тұрғын үй орналасқан, оның ішінде 25 үй апатты деп танылған. 2025 жылы апатты емес 16 көпқабатты тұрғын үйдің шатырлары жөндеуден өтті. Көшені жарықтандыру бағытында да қарқынды жұмыстар жүргізіліп, қазіргі таңда кенттегі 56 көшенің 54-і немесе 98 пайызы жарықтандырылған. Сондай-ақ, Сабалак саяжайы тұрғындарының көптен бері көтеріп жүрген газдандыру және ауыз су мәселелері өз шешімдерін тауып, халық игіліне пайдалануға берілді.

Сонымен қатар, 2025 жылы Белкөл кентінің бюджеті 111,9 млн. теңге көлемінде бекітіліп, жыл соңында 322,1 млн теңге жеткен. Салық түсімдерінің жылдық жоспары 42,0 млн. теңгеден 53,9 млн. теңгеге жетіп, жылдық жоспар 128 пайызға орындалған. Кенттегі көпқабатты №1, 11, 12 үйлердің шатырлары жөнделіп, ауалары абаттандырылған. Кенттегі 8 көшеге асфальт төселіп, 7 көшеге және Бірқазан елді мекеніндегі Көкжиде



көшесіне түнгі жарық шамдары орнатылған. Қазіргі уақытта көпқабатты №1, 11, 12, 12А үйлерге ыстық су жүргізілуде.

Кәсіпкерлікті қолдау бағытында кентте барлығы 464 шағын кәсіпкерлік субъектілері тіркелген.

Сессия қарауына шығарылған мәселелерді қарау барысында қалалық мәслихат төрағасы И.Құттықожаев: Белкөл кентіндегі клуб үйіне ауыз су жүйесін жүргізу, кент бюджетін нақтылау кезінде жылжымалы LED-экран сатып алуға тиісті қаржыны бағыттау, депутат М.Есжанов: Тасбөгет кентіндегі №4 қалалық емхана ғимараты заманауи талаптарға сай болмауына байланысты тұрғындарға сапалы әрі қолжетімді медициналық қызмет көрсету мақсатында жана емхана салу немесе жақсы жағдайдағы ғимарат қарастыру; Тасбөгет кентінің аяқ су мәселесін шешу; Тасбөгет кентіндегі Ирқол елді мекенінде 15 шақты үй бар, қазіргі уақытта осы елді мекен тұрғындарының ұсыныстарын назарға алу; Белкөл кентіне қарасты Бірқазан елді мекеніне балалар ойын алаңын салу, газ жүйесін жүргізу; Белкөл кентінің аяқ су мәселесі; Белкөл кентіндегі көп қабатты тұрғын үйлердің алдындағы спорт алаңын жөндеуден өткізу; депутат Р.Ысқақова: Сабалак елді мекенінде емхана филиалын ашу туралы ұсыныстарын айтты.

Сессия барысында Тасбөгет кентінен сайланған қалалық мәслихат депутаты Төлегенова Ақманат Мұратқызы қосымша хабарлама жасап, Тасбөгет кентінде атқарылып отырған маңызды жұмыстарды атап өтіп, өзекті мәселелер бойынша ұсыныстарын жеткізді.

Сонымен қатар, сессия отырысында облыстық денсаулық сақтау басқармасының орынбасары Ж.Абубакирова сөз алып, қазіргі уақытта Тасбөгет кентіндегі №4 емхананы Шоменов көшесіндегі жеке мектепке көшіру жоспарланып жатқандығын, жұмыс тобы құрылып, ғимаратқа зерттеу жұмыстары жүргізіліп жатқандығын жеткізді. Кентте орналасқан кәріз суын тазартуға арналған модульдік биологиялық тазарту станциясының қалыптасуына байланысты ауаға таралатын саят иісті жою бойынша облыстық экология департаментінің орынбасары А.Ысқақов сөз алып, Тасбөгет кентінің кәріз жүйесін жетілдіру және экологиялық жағдайын жақсарту мақсатында кәріз суларын қысымды коллекторлар арқылы Қызылжарма (Титов) ауданындағы тазарту станциясына бұру жобасын 2028 жылға дейін іске асырылатындығын жеткізді.

Сессия қарауына ұсынылған барлық мәселелер жан-жақты талқыланып, тиісті шешімдер қабылданды.

ҚОРЫТЫНДЫ ЖИЫНЫ ӨТТІ

«Теннис» орталығында басқарма басшысы Бахтияр Артаевтың төрағалығымен Тараз қаласында грек-рим, еркін және әйелдер күресінен 23 жасқа дейінгі жастар арасында өткен Қазақстан чемпионатының қорытындысы бойынша арнайы жиын өтті.



Аталған жиынға облыстық грек-рим, еркін және әйелдер күресі федерациясының президенті Нұрәлі Қожасов, басқармаға қарасты бірқатар спорт мектептерінің басшылары, сондай-ақ күрес түрлері бойынша облыстың аға жаттықтырушылары қатысты. Жиында басқарма басшысы Тараз қаласында өткен чемпионатта қызылордалық балуандардың жоғары нәтиже көрсете алмағанын атап өтіп, қатаң сын айтты. Аталған жарысқа облыстан барлығы 77 адам қатысқан. Оның ішінде 60 спортшы, 10 жаттықтырушы, 3 төреші және 5 спорт мектебінің директоры бар.

Осыған байланысты басқарма басшысы әр спорт мектебінен қатысқан спортшылардың жеке нәтижелеріне талдау жасап, бұл бағыттағы жұмыстардың жүйелі жүргізілмей отырғанын жеткізді. Сонымен қатар, жарыста төмен нәтиже көрсеткен бірқатар мектеп директорларына қатаң

шара қолданылатынын ескертті. – Біз аймақ спорттың дамуы бағытында ауқымды жұмыстар жүргізіп келеміз. Спортшылардың жоғары нәтиже көрсетуі үшін оларды шет мемлекеттерге оқу-жаттығу жиындарына да жиі жіберудеміз. Дегенмен, Тараз қаласында өткен ел біріншілігінде жоғары нәтижеге қол жеткізе алмадық. Бұл спорт мектептерінің жұмысы жүйелі еместігін және жанашыр басшылардың жоқ екендігін көрсетеді. Сондықтан алдағы жарысқа облыстан барлығы 77 адам қатысқан. Оның ішінде 60 спортшы, 10 жаттықтырушы, 3 төреші және 5 спорт мектебінің директоры бар.

Жиын соңында 10-12 сәуір аралығында өтетін Кеңес Одағының Батыры Тәйімбет Көмекбаевты еске алуға арналған халықаралық турнирге дайындық барысы да пысықталды.

ТАЛАП ПЕН ТӘРТІП

Қала тазалығын сақтау – баршаға ортақ іс. Дегенмен, оны ұғынбай, шаһар тазалығына немқұрайлы қарайтын жандардың қатары әлі азаймай тұр. Осыған орай, тұрғындарды тазалық тәртібіне және мәдениетіне шақыру бойынша қадағалау күшейтіліп, рейттік шаралар күнделікті жүргізілуде.

Қала әкімінің орынбасары Дархан Тұрсынбаев қала аумағында құрылыс пен тұрмыстық қалдықтарды белгіленбеген орындарға тастап, абаттандыру қағидаларын бұзу фактілері бойынша аралау жұмыстарын жүргізді.

Бірлескен рейд барысында кәсіпкерлерге, тұрғындарға түсіндірме жүргізілді. Айта кету қажет, рұқсат етілмеген, арнайы белгіленбеген орындарға коқыс төгу, құрылыс материалдарын көше бойына



қою, абаттандыру қағидаларын бұзу фактілері анықталған жағдайда Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 505-бабына сәйкес шара қолданылады.

ТУБЕРКУЛЕЗГЕ ҚАРСЫ КҮРЕС КҮШЕЙТІЛУДЕ

Қызылорда облыстық денсаулық сақтау мен Қызылорда қалалық санитариялық – эпидемиологиялық бақылау басқармасы Қалалық әкімдіктің баспасөз залында туберкулезге қарсы күрес бойынша фтизиатр маман Алтекешова Айгүл баяндама жасады.

Туберкулез – ауа арқылы таралатын жұқпалы ауру және ол кез келген адамға қауіп төндіруі мүмкін. Сондықтан аурудың алғашқы белгілері байқалған сәтте дереу дәрігерге жүгінуге аса маңызды. Уақтылы анықталып, толық ем қабылдана, туберкулез толық жазылады.

2026 жылғы 24 ақпандағы №73 бірлескен бұйрыққа сәйкес, туберкулездің алдын алу бағытында ауқымды жұмыстар жүргізілуде. Медициналық ұйымдар мен оқу орындарында семинарлар мен акциялар өтіп, тұрғындардың ақпараттық сауаттылығы артауда.

Соңғы жылдары өңірде аурушандық төмендеген. 2024 жылы 631 жағдай тіркелсе, 2025 жылы 556 жағдайға дейін азайған. Қайталанған жағдайлар мен өлім көрсеткіші де төмендеу үстінде.

Балалар Манту және Диаскинтест сынамаларымен тексеріліп, жаңа туған нәрестелердің 98,1%-ы БЦЖ вакцинасын алған. Маманның айтуынша, туберкулездің алдын алу үшін тұрақты тексеріліп, жалған ақпаратқа сенбеу және өз денсаулығына жауапкершіліктен қарау қажет.

ҚҰЖАТ ҚАБЫЛДАУ МЕРЗІМІ ӨЗГЕРТІЛДІ

Оқу-ағарту министрлігі оқушыларды 1-сыныпқа қабылдау науқанының басталу мерзімін 1 сәуірден 27 мамырға ауыстыратын шешім қабылдады.

Оқу-ағарту министрі Жұлдыз Сүлейменова әлеуметтік желідегі парақшасында министрліктің өткен жылдардағы тәжірибені зерделей келе, осындай шешім шығарғанын алға тартты.

"Бұған дейін құжат 1 сәуірге дейін тапсырылатын. Алайда бұл кезде мектепте әлі сабақ жүріп жатады. Кей кезде мектеп басшылығы да, мұғалімдер де, IT саласының мамандары да өздері оқу процесімен қарбаласып жатқанда 1-сыныпқа құжат қабылдауды тиімді жүргізілмей қалғанын байқадық. Сондықтан осындай келесіздіктерге жол бермес үшін биыл біз 1-сыныпқа қабылдауды қайта қаралдық", – деді министр.

Министрдің айтуынша, енді бұл 27-мамыр, сәрсенбіден басталып, 31-тамызға дейін жүргізіледі.

"Яғни мерзімін өзгерттік. Қазіргі таңда база бірнеше мәрте тесттен өтіп жатыр. Ата-аналар үшін барынша қолайлы жағдай жасалды. Оны қосымша таныстыратын боламыз", – деді министр.

АҚЫНДАР МҮШӘЙРАСЫ ӨТТІ



Шаған ауылдық мәдениет үйінде «Күрмет» орденінің иегері Қожабек Кенжебекұлы Дәлімбаевты еске алуға арналған аудандық ақындар мүшәйрасы өтті. Тағылымы мол әдеби іс-шараға «AMANAT» партиясы облыстық филиалының төрағасы Жандос Базартай, аудан әкімінің орынбасары Димаш Байдушев, аудан мәслихат төрағасы Ержан Әжіқенов, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Мұса Келдібаев, «AMANAT» партиясы аудандық филиалының атқарушы хатшысы Ақтөре Ибрагимұлы және ауыл тұрғындары қатысты.

Шара барысында Қожабек Кенжебекұлының өмір жолы мен еңбек қызметінен сыр шертетін арнайы көрме ұйымдастырылды. Көрмеге оның марапаттары, архивтік құжаттары, фотосуреттері мен естелік дүниелері қойылып, тұлғаның өнегелі ғұмыры кеңінен таныстырылды. Мүшәйра барысында Жандос Нұртайұлы мұндай игі шаралар жастарды

елжандылыққа тәрбиелеуде маңызды рөл атқаратынын атап өтті.

— Қожабек Кенжебекұлы — өзінің саналы ғұмырын туған өлкесінің өркендеуіне, әсіресе ауданның ауыл шаруашылығы саласын жаңа деңгейге көтеруге арнаған нағыз еңбек майталманы. Ол Сырдың бойын ырсықа толтырып, аграрлық сектордың

әлеуетін арттыруда аянбай қызмет етті. Білікті басшы ретінде аудан экономикасының қарыштап дамуына, жаңа технологиялардың енуіне және ауыл еңбеккерлерінің әлеуметтік жағдайының жақсаруына өлшеусіз үлес қосты. Еңбек жолында Тереңөзек совхозында инженер, аудандық партия комитетінде нұсқаушы, жауапты ұйымдастырушы, аудандық ауыл шаруашылығы басқармасында бөлім басшысы, өндірістік-техникалық кооперативтің бас инженері әрі директоры қызметтерін абыроймен атқарды. 1994 жылдан ауданның соңына дейін «Шаған» агрофирмасын басқарды. Ол басқарған агрофирма қысқа мерзім ішінде заманауи агроөнеркәсіптік кешенге айналды. «Ер есімі — ел

есінде» деген халқымыздың даналық сөзі осындай азаматтарға қарап айтылса керек. Бүгінгі мүшәйра — тұлғаны ұлықтау ғана емес, адал еңбек пен биік адамгершіліктің рухани көрінісін жырмен өрнектейтін тағылымды алаң. Сыр топырағына сіңірген өлшеусіз еңбегі ақындар өлеңінің арқауына айналары сөзсіз. Баршаңызға шығармашылық шабыт тілеймін, — деді Жандос Нұртайұлы.

Кеш барысында аудан ақындары арнау өлеңдерін оқып, көрермендерге рухани әсер сыйлады. Мүшәйра қорытындысы бойынша үздік қатысушылар марапатталды. Айта кетейік, елді мекенде Қ.Дәлімбаевты еске алуға арналған волейболдан жарыс өткізілді.

ПОЛИЦЕЙЛЕР ҮЗДІК НӘТИЖЕ КӨРСЕТТІ

Қазақстан Тәжірибелік ату қауымдастығының ұйымдастыруымен ағымдағы жылдың 27–29 наурыз күндері Қонаев қаласындағы «Қайсар» полигонында қарабин бөлімінен «Open Kalashnikov» және «Semi-Auto Open» категориялары бойынша жарыс өтті.

Аталған додаға еліміздің әр өңірінен барлығы 137 қатысушы бақ сынады. Жарыс қорытындысы бойынша Қызылорда облысы Полиция департаментінің Жылдам қимылдайтын арнайы жасақ қызметкерлері жоғары нәтиже көрсетіп, жұлделі орындарға ие болды. Атап айтқанда, «Open Kalashnikov» категориясынан 1 орынды Қызылорда облыстық Полиция департаменті Жылдам қимылдайтын арнайы жасағының аға инспекторы, полиция майоры Төлекова Лаура Қарабекқызы, ал 2 орынды осы жасақтың инспекторы, полиция кіші лейтенанты Қарлыбай Мөншак Дүрқанбекқызы иеленді.

Сондай-ақ «Semi-Auto Open» категориясынан 1 орынды жасақтың аға инспекторы, полиция подполковнигі Самратова Бахыткүл Болатбекқызы жеңіп алса, 2 орынды жасақтың аға инспекторы, полиция подполковнигі Айтбаева Айдана Маханбетжанқызы еншіледі. Қызылордалық полицейлердің бұл жетістігі олардың кәсіби шеберлігі мен жоғары дайындық деңгейін айқындайды.



ЗАҢ МЕН ТӘРТІП
Қауіпсіз Қазақстан үшін!

ЗАҢ МЕН ТӘРТІП — ӘР ОТБАСЫНЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

Оқу жылының үшінші тоқсанындағы демалыс кезеңінде жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу мақсатында 26–28 наурыз күндері «Демалыс» жедел профилактикалық іс-шарасы ұйымдастырылды.



Аталған шараға құқық қорғау органдарымен қатар білім, денсаулық сақтау, жұмыспен қамту, қоғамдық даму басқармасының өкілдері, жастар ресурстық орталығы мен прокуратура қызметкерлері жұмылдырылып, барлығы 474 маман қатысқан. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінің баспасөз алаңында облыстық полиция департаменті Қоғамдық қауіпсіздік басқармасының бастығы Ердаулет Жаукев мәлімдеді.

«Аталған іс-шара нәтижесінде кемелетке толмағандардың қатысуымен қылмыстың орын алуына жол берілмегенімен, 298 әкімшілік құқық бұзушылық анықталды. Оның ішінде ата-аналық міндетін тиісінше орындамаған 22 заңды өкіл жауапкершілікке тартылса, түнгі уақытта жасөспірімдердің ойын-сауық орындарында болуына саул берген кәсіп иелеріне де шара қолданылды. Сонымен қатар, түнгі мезгілде заңды өкілдерінің жүрген 260 жасөспірімнің ата-аналарына қатысты әкімшілік хаттама рәсімделді. Бұдан бөлек, бала

тәрбиесіне салғырт қарайтын 13 ата-ана профилактикалық есепке алынды. Қазіргі таңда жасөспірімдерге қарсы жасалатын қылмыстар қоғамды алаңдатып отырған өзекті мәселелердің бірі. Әрбір ата-ана баласының қауіпсіздігіне тікелей өзі жауапты екенін ұмытпауы тиіс», — деп атап өтті Ердаулет Байнбайұлы.

Спикер қоғамды заң мен тәртіпті сақтауға шақыра отырып, бұл қағиданың негізі ең алдымен әр отбасының жауапкершілігін терең түсінуден басталатынын атап өтті. Оның айтуынша, бала тәрбиесі тек білім беру мекемелерінің немесе құқық қорғау органдарының ғана емес, ең алдымен ата-ананың басты міндеті.

Сондықтан әрбір ата-ана баласының бос уақытын тиімді ұйымдастырып, оның қайда, кіммен жүргенін бақылауда ұстап, қауіпсіздігін қамтамасыз етуге айрықша мән беруі тиіс. Жасөспірімдердің құқықтық мәдениетін қалыптастыру, заңға құрметпен қарауға үйрету қоғамдағы тәртіп пен тұрақтылықтың кепілі.



БАЛУАНДАР ТОП ЖАРДЫ

Түркістан төрінде «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қорының қолдауымен өткен қазақ күресінен ересектер арасындағы Қазақстан Кубогы өз мәресіне жетті.

Бірнеше күнге созылған тартысты бәсекеде Сыр елінің балуандары тамаша нәтиже көрсетіп, 12 алтын, 2 қола медаль

иеленді. Бұл аймақ спортындағы тарихи көрсеткіш!

Сонымен қатар, аралас командалық жарыста балуандарымыз қарсыластарын 4:2 есебімен ұтып, алтын жүлдеге қол жеткізді. Осылайша, Қызылорда облысының құрамасы жалпыкомандалық есепте 1

орынды жеңіп алды.

Айта кетейік, Сыр өңірінің тарихында аты аңызға айналған білегі мықты балуандар көп шыққан, ұлттық спорттың тамыры тереңге жайылған киелі аймақ. Жеңіске жеткен балуандарымыз — сол мықтылардың ізін лайықты жалғап келе жатқан орендер.

SARBAZ+ ЖОБАСЫ ӨТІНІМДІ ОНЛАЙН ҚАБЫЛДАЙДЫ

Әскерге шақыру науқаны кезінде жастарға myarmy.kz платформасы арқылы мерзімді қызметке онлайн өтінім тапсыру мүмкіндігі беріліп отыр. Қорғаныс министрлігі мәліметінше, бұл бастама бүгінде шақырылушылар арасында үлкен қызығушылық тудырып отырған SARBAZ+ жобасы аясында жүзеге асырылmaq.

Өтінім беру үшін сайтқа кіріп, қызмет шарттарымен танысып, тиісті форманы толтыру жеткілікті. Одан кейін жүйе үміткерді барлық кезең бойынша автоматты түрде бағыттайды. Алдымен қабылданған өтінім мұқият тексеріледі. Содан соң әскери комиссариатқа медициналық тексеруден өту үшін шақыру келеді. Кейін әскери бөлім өкілдерімен әңгімелесу өткізіледі. Соның нәтижесінде үміткерді қабылдау немесе бас тарту туралы шешім шығарылады. Барлық кезең түсінікті әрі ашық, ал қажетті құжаттар тізімі сайтта көрсетілген.

SARBAZ+ жобасының басты ерекшелігі — жастарға заманауи дағдыларды үйрету. Қызмет барысында сарбаздар тек оқу-жауынгерлік тапсырмаларды

орындап қана қоймай, сұранысқа ие мамандықтарды меңгеріп шығады. Жоба өзекті бағыттар бойынша маман даярлауға барынша басымдық береді.

Rtel оқу сыныптарында әскери қызметшілер радиобайланысты меңгеріп, Ashik Aspan бағдарламасы арқылы дрондарды басқаруды үйренеді. Бұдан бөлек Eltex заманауи технологиялық жүйелерімен жұмыс істеуге бейімделеді. Сонымен бірге олар киберқауіпсіздік және деректерді қорғау негіздерін оқиды, жасанды интеллект элементтерімен танысып, цифрлық платформалар арқылы ағылшын тілін жетілдіреді.

Әскери бөлімде қызмет етуге қолайлы жағдай жасалған. Спорт алаңдары, жаттығу залдары, белсенді демалыс аймақтары және электронды



тир жұмыс істейді. Сондай-ақ бейнеаналитика жүйесі, «Ай-сұлу» боты және ARMIA.KZ платформасы сияқты қолдау сервистері жұмыс істейді. Аталған жобаға қызығушылық жоғары. Қазіргі таңда 268 өтінім берілген. Оның 90-ға жуығы іріктелді. Бір орынға шамамен үш адамнан келеді. Орын саны шектеулі болғандықтан, үміткерлердің бәрі бірдей қабылданбайды. SARBAZ+ жобасы

мерзімді әскери қызметтің тек міндет қана емес, болашақ мамандыққа қажетті дағдыларды игерудің нақты мүмкіндігі екенін көрсетіп отыр.

Алдағы уақытта жобаны кеңейтіп, басқа әскери бөлімдерге енгізу жоспарланып отыр. Қазіргі әскерге шақыру кезеңінде мерзімді қызметтен өту үшін ең қолжетімді әрі ыңғайлы тәсілдердің бірі — онлайн өтінім беру жеткілікті болып отыр.

2026 жылғы II тоқсанда Қаракеткен ауылдық округі әкімі аппаратында ауылдық округ әкімінің азаматтарды және заңды тұлғалардың өкілдерін, оның ішінде аппарат қызметкерлерін қабылдау кестесі

№	Жеке қабылдауды жүргізетін адамның (тегі, аты, әкесінің аты)	Жеке қабылдауды жүргізетін адамның лауазымы	Жеке қабылдау күні мен уақыты	Қабылдау мерзімі
1	2	3	4	5
1	Токтаров Аділ Токтарұлы	Ауылдық округ әкімі	Сейсенбі, жұма күндері сағ: 15:00-17:00 аралығы	Апта сайын

Қызылорда қаласы әкімдігінің 2026 жылғы 1 сәуірдегі
№ 686 қаулысы

Жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 84-бабына, «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 63-бабына сәйкес, сондай-ақ Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының тұрғын үй – коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2026 жылғы 27 наурыздағы № 01-03/535 хатын қарап, Қызылорда қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Меншік иелерінен Қызылорда қаласының аумағында орналасқан жалпы көлемі 1900,0 (бір мың тоғыз жүз) шаршы метр жер учаскелерін Президент саябағына автотұрақ құрылысы үшін осы қаулының қосымшасына сәйкес мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.
2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2026 жылғы 2 шілде болып белгіленсін.
3. Меншік иелері жүгінетін орын Қызылорда қаласы, Ыбырай Жахаев көшесі, № 24, № 13 кабинет болып белгіленсін.
4. Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының қоғамдық даму бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі осы қаулы қабылданған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде бұқаралық ақпарат құралдарына жарияласын.
5. Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі жер учаскелерінің меншік иелерін ескертсін, сонымен қатар Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған басқа да қажетті шаралар қолданысын.
6. Осы қаулының орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қызылорда қаласы әкімінің орынбасарына жүктелсін.
7. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда қаласы әкімінің
міндетін атқарушы

Д. Тұрсынбаев

Қосымша

№	Жер учаскесінің кадастрлық нөмірі	Меншік иесінің немесе жер пайдаланушының аты-жөні	Жалпы көлемі, шаршы метр	Жер учаскесінің мекенжайы	Нысаналы мақсаты	құқық түрі
1	10-156-087-1870	Нурманова Миранкул Ержигитовна	1000,0	Қызылорда қаласы, Тасбөгет кенті, «Еңбек» бау-бақша серіктестігі, 272 учаске	бағбандық үшін	жеке меншік
2	10-156-087-1023	Жусупова Майра Ерлешқызы Жусупов Тимур Булатович	900,0	Қызылорда қаласы, Тасбөгет кенті, «Еңбек» бау-бақша серіктестігі, №234 үй	монша және қонақ үй үшін	ортақ бірлескен меншік
Барлығы			1900,0			

Постановление акимата города Кызылорда №686 от 1 апреля 2026 года

О начале принудительного отчуждения земельного участка или иного недвижимого имущества в связи с изъятием земельного участка для государственных нужд

В соответствии со статьей 84 Земельного кодекса Республики Казахстан, со статьей 63 Закона Республики Казахстан «О государственном имуществе», а также рассмотрев письмо коммунального государственного учреждения «Кызылординский городской отдел жилищно-коммунального хозяйства, пассажирского транспорта и автомобильных дорог» акимата города Кызылорда № 01-03/535 от 27 марта 2026 года, акимат города Кызылорда ПОСТАНОВЛЯЕТ:

1. Начать принудительное отчуждение земельных участков общей площадью 1900,0 (одна тысяча девятьсот) квадратных метров для государственных нужд в связи с изъятием для строительства автостоянки к Президентскому парку у собственников земельных участков, расположенные на территории города Кызылорда, согласно приложению к настоящему постановлению.
2. Датой принудительного отчуждения определить 2 июля 2026 года.
3. Местом обращения собственников земельных участков определить: город Кызылорда, улица Ибрая Жахаева, № 24, кабинет № 13.
4. Коммунальному государственному учреждению «Кызылординский городской отдел общественного развития» акимата города Кызылорда в течение трех рабочих дней со дня принятия данного постановления опубликовать в средствах массовой информации.
5. Коммунальному государственному учреждению «Кызылординский городской отдел сельского хозяйства и земельных отношений» акимата города Кызылорда уведомить собственников земельных участков, а также принять иные необходимые меры, предусмотренные законодательством Республики Казахстан.
6. Контроль за исполнением настоящего постановления возложить на курирующего заместителя акима города Кызылорда.
7. Настоящее постановление вводится в действие со дня подписания.

Исполняющий обязанности
акима города Кызылорда

Д. Тұрсынбаев

Приложение

№	Кадастровый номер земельного участка	Ф.И.О. собственника или землепользователя	Общая площадь, кв.метр	Местоположение земельного участка	Целевое назначение	Вид права
1	10-156-087-1870	Нурманова Миранкул Ержигитовна	1000,0	город Кызылорда, поселок Тасбугет, садоводческое товарищество «Еңбек», участок №272	для садоводства	частная собственность
2	10-156-087-1023	Жусупова Майра Ерлешқызы Жусупов Тимур Булатович	900,0	город Кызылорда, поселок Тасбугет, садоводческое товарищество «Еңбек», дом №234	для бани и гостиницы	Общая совместная собственность
Всего			1900,0			

ПСИХОЛОГТАР КҮЛКІ ТУРАЛЫ НЕ ДЕЙДІ?



Бүгін – Күлкі күні. Бұл – адамдарды бір сәтке болса да уайымнан арылтып, бір-біріне қуаныш сыйлайтын күн. Өйткені күлкі – жай ғана көңіл көтеру емес, ол – адам жанының күйін білдіретін, қоғамдағы өзгерістерді көрсететін терең психологиялық құбылыс. Жалпы, біз неге күлеміз және күлкінің қоғамдағы рөлі қандай, ойланпай көрейікші...

Психологтердің айтуынша, мұндай жағдайда күлкі – адамдар үшін дағдарысты, ішкі күйзелісті жеңілдетудің бір жолы. Яғни, қоғамдағы шиеленістер көбейген сайын, адамдар соны өзін арқылы «құмсартып» қабылдауға тырысады.

Күлкі – агрессияны тікелей көрсетпей, оны қауіпсіз түрде сыртқа шығарудың тәсілі. Адам бойындағы стресс пен ашу-ыза күлкі арқылы азаяды. Бір сөзбен айтқанда, адамдар күліп отырып ішкі «буын» шығарады. Осыдан кейін жеңілдік сезімі пайда болады. Сондықтан күлкінің психологиялық тұрғыда маңызы зор.

Алайда жұрттың барлығы бірдей әзілді ұната бермейді. Юморлық бағдарламалар біреулерді тіпті ашуландыруы мүмкін. Бұл көбіне әзілдің қаншалықты сәтті шыққанына, яғни деңгейіне байланысты.

Жақсы әзілдей білу – жоғары интеллект пен эмоциялық сезімталдықтың белгісі. Әзілдей адам тек күлдіріп қана қоймай, басқа адамдардың көңіл - күйін дәл сезіне алады. Сондықтан тапқыр, орынды әзілдей алатындар қоғамда әрдайым жоғары

бағаланады. Бірақ олар көп емес, сол себепті барлық юморлық контенттің сапасы жоғары бола бермейді. Ғалымдар күлкіні мидағы «айна нейрондарының» қызметімен байланыстырады. Егер адам біреудің күлгенін көрсес, оның миы да сол әрекетті қайталауға бейім тұрады. Бұл – біздің табиғи психологиялық ерекшелігіміз.

Кей адамдар үшін әзіл – қоғамда өз орнын табудың құралы. Психологияда бұл «компенсация механизмі» деп аталады. Яғни, адам өзіндегі әлсіз тұсты басқа қабілеті арқылы толықтырады. Соның бірі – адамдарды күлдіре білу. Мұндай адамдар көбіне ортада тез танылып, құрметке ие болады. Әдетте топ ішінде өзіне сенімді, беделі жоғары адамдар жиі әзілдейді. Өйткені әзіл айту – басқалардың эмоциясына әсер етуге ұмтылу. Ал кей адамдар әзілдеуге батылы жетпейді, себебі ол белгілі бір еркіндік пен сенімділікті талап етеді.

Қорыта айтқанда, күлкі – жай ғана көңіл көтеру құралы емес. Ол — адамның ішкі жан дүниесін жеңілдететін, адамдарды біріктіретін, қоғамдағы байланысты нығайтатын ерекше құбылыс. Күлкі күнінде осының бәрін еске алып, өмірге жеңіл қарап, жақындарымызбен қуанышымызды бөлісу бір ғанибет.

Ең бастысы, күлкінің сапасына мән берген абзал. Себебі шынайы, мағыналы әзіл ғана адамды рухани байытпайды. Ендеше, күле білгенге, бір-бірімізге жақсы көңіл күй сыйлағанға не жетсін!..

Ақжар ауылдық округі әкімі аппаратында жеке және заңды тұлғалардың өкілдерін қабылдауды ұйымдастыру туралы

«Қазақстан Республикасының 2022 жылғы 29 маусымдағы №350-VI Әкімшілік Рәсімдік – Процестік кодексіне және «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы №148 Заңына сәйкес:

1. Ақжар ауылдық округі әкімінің 2026 жылдың II - тоқсандағы жеке және заңды тұлғалардың өкілдерін қабылдауды ұйымдастыру кестесі қосымшаға сәйкес бекітілсін.
2. Осы өкім қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Ақжар ауылдық округінің әкімі

Н.Тұрсынбаева

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ



«Сенім телефоны» жұмыс істейтіндігін хабарлаймыз.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 22 ақпандағы №814 Жарлығына, Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдептік нормаларын және мінез-құлық қағидаларын олар әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» №153 Жарлығына және Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына сәйкес, Қызылорда қаласы әкімінің «Қызылорда қаласының ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 8(7242)40-05-14, мекен-жайы Жахаева көшесі №24

2026 жылғы II тоқсанда «Жалағаш ауданының кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімі» бөлім басшысының азаматтарды және заңды тұлғалардың өкілдерін, оның ішінде осы органдардың қызметкерлерін жеке қабылдау кестесі

№	Жеке қабылдауды жүргізетін адамның тегі, аты, әкесінің аты	Жеке қабылдауды жүргізетін адамның лауазымы	Жеке қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері	Байланыс телефоны
1	2	3	4	5	6
1	Жапбасбаев Қайрат Ғалиұлы	Бөлім басшысы	Күнделікті 15:00 ден 19:00ге дейін	Жалағаш кенті, Желтоқсан көшесі №3	8(72431) 31-9-95 32-3-82

«Жалағаш аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде бөлім басшысының және орынбасарының азаматтарды және заңды тұлғалардың өкілдерін, оның ішінде осы бөлім қызметкерлерін жеке қабылдау кестесі.

р/с	Жеке қабылдауды жүргізетін адамның (тегі, аты, әкесінің аты)	Жеке қабылдауды жүргізетін адамның лауазымы	Жеке қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері	Байланыс телефоны
1	Бүлембаев Канат Шамшағатович	Бөлім басшысы	Бейсенбі күні сағат 15:00-ден 18:00-ге дейін	Жалағаш кенті Желтоқсан көшесі, №1	8(72431) 31-3-93
2	Қурақбаев Мейрбек Амангельдиевич	Бөлім басшысының орынбасары	Күнделікті сағат 9:00 ден 19:00-ге дейін	Жалағаш кенті Желтоқсан көшесі, №1	8(72431) 31-3-93

Меншік иесі:
«Сан-Ай» пресс ЖШС
Директор-Бас редактор
Егиншибаева Анар Жақсыбекқызы

Жауапты хатшы
Зибаш ӘЛИ
8 705 982 76 61

Ақылдастар алқасы:
Әбілбай Садықбаев
Рысбай Кәрімов

Газет «Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесінде қайта тіркеліп, 2025 жылдың 30 маусым айында есепке алу туралы нөмірі КЗ 53VPY00123138 куәлігі берілген.

Республикалық «Ел тілегі» тәуелсіз ақпараттық, танымдық, қоғамдық-саяси газеті ҚР СТ ИСО 9001-2016 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертифицикатталған

Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №8729 – Ғ, 19.10.2007 ж

Редакцияның мекен-жайы:
Тоқмағанбетов
көшесі 36 а,
1 қабат 4 кабинет
Телефон:
8 777 752 54 63

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «PRINT» баспаханасында басылды. Қызылорда қаласы, Байтұрсынов көшесі, 49 үй. Телефон: 27-61-62
Газеттің басылу сапасына жауапты «PRINT» баспаханасы.

Газет әр аптаның сәрсенбі күні жарық көреді

Газетті тасымалдауға «Сан-Ай» пресс ЖШС Тел: 27-85-75 және «Қазпошта» АҚ Қызылорда облыстық филиалы жауапты
Тел: 23-54-91

Қолжазба еңделеді және авторға қайтарылмайды
Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді
Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді

Таралымы 8536 дана
Индекс 66503
Тапсырыс №72
E-mail: gazeta_eltilegi@mail.ru
Электронды нұсқасы:
[https:// ret-gazeta.kz/](https://ret-gazeta.kz/)